



# Ақмешіт

3 тамыз  
сейсенбі  
№61 (1763)  
2021 жыл


Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы



### СПОРТ



ЖЕҢІС ЖЕТКІЗБЕУДЕ...

**Ел үмітін арқалаған спортшылар Токио Олимпиадасында сынға түсуде. Өзірге үш қола. Соңғы күндегі көрсеткіш жаңармады. Үкілеп қосқан спортшылардың жеңіс тұғырынан көрінуі қиынға соғып жатқандай. Тіпті қазақстандықтар теннис, ескек есу, жүзу секілді спорт түрлерінен жүлделі орыннан табылмады. Әдепкіде дзюдошы Елдос Сметов, ауыр атлеттер Игорь Сон мен Зүлфия Чиншанлоның қоласы қалған саңлақтарға серпін бере ме деген сенім болған. Алайда ел атынан додаға түскендердің біршамасы бірінші айналымнан аса алмай жатыр. Осыған орай Токиодағы ұлттық құрама спортшыларының бірнеше күндегі аяқ алысын саралап көрейік.**

4 БЕТТЕ

### COVID-19

Соңғы жылдары қазақтың тойы тәрбиелік мәнінен айырылып, бақталастық пен бәсекелестіктің, ысырапшылық пен астамшылықтың алаңына айналды. Олай дейтіміз, бүгінде көрпесіне қарай емес, жұрттың сөзіне қарай көсіліп жүрген қазақтар шамасы жетсін жетпесін, несиеге белшене батып, дүбірлетіп той жасайды. Елді індет жайлағалы тойға тыйым салынды. Карантин кезінде той тоқтап, ысырапшылық азаяр ма деп едік, олай болмай тұр. Тығылтып той жасаған, ас берген, туган күн тойлағандар әлі тыйылар емес.

## БІРНЕШЕ ТОЙ ТОҚТАТЫЛДЫ



Карантиндік шектеу шараларын түсіндіру мақсатында қала әкімдігі жанынан құрылған арнайы мобильді топ қоғамдық орындарды, сауда орындары, дәрханаларды және кәсіпкерлік нысандарды аралап, шектеу талаптарын қатаң сақтау керектігін түсіндіруде. «Ақмешіт-ақпарат»

### #qazaqstan30

## САН СЕҢІМДІ ТОҒЫСТЫРҒАН

Өткен ғасырдың соңы әлем елдеріне онайға соқпады. Әсіресе, миллиондаған халық қалтқысыз сенген кеңестік үкімет ыдырап, Тәуелсіздік алған Орталық Азия мемлекеттері әлеуметтік-саяси жүйесін қайта құруға мәжбүр болған еді. Оған қоса солқылдақ саясат пен қалыптаспаған экономиканың салдарынан аймақта діни алауыздық тұтанып, билік сыналай енген түрлі ағымды ауыздықтап үлгермеді. Алайда уақыт өте аталған олқылықтың орнын толтыру үшін халықтың діни сауатын арттыру, бұқаралық көзқарасты қалыптастыру жобасы сәтті жүзеге асып, тұрақтылық орнағаны анық. Осы аралықта Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның діни саясаты көршілерге ғана емес, алыс-жақын мемлекеттер үшін де үлгі аларлық модельге айналды.



### «ЖУСАН» ОПЕРАЦИЯСЫ – ОТАҢҒА ОРАЛУ

түсіп, дінді дұрыс ұқпай, адасқаны да болды. Сондықтан алғашқы кезеңдегі кедергі уақыт өте аталған салаға жан-жақты қадағалауды қажет ете түскен-тұғын.

2019 жылы ел билігі қате басып, елден жырақтаған өз азаматтарының қайта Отанға оралуына жол ашты. Жол ашып ғана қоймай, оларды тасымалдау, қауіпті аймақтан шығару секілді маңызды миссияға білек түре кірісті. Тіпті осы бағытта «Жусан» операциясы қолға алынып, Сирия мен Ирактағы қазақстандықтардың елге келуіне жағдай туғыза білген.

Алғашында аталған жобаға қоғамдық пікір екіұшты болғаны белгілі. Алайда жобаның ел болашағы мен аймақ қауіпсіздігіне ықпал ететіні дәлелденіп, нақты аргумент келтірілген соң көптің күдігі қалмады. Сарапшылар

азаматтардың Отанға оралуы келешек геосаяси жүйені оңтайландыру әрі ел азаматтарының ондағы шынайы өмір мен теріс сенімнің ара-жігін ашық зерделеуіне көмектеседі деген сенімде. Расында, соңғы уақытта майдан ортасынан оралған азаматтардың пікірі мен өмірбаяны көптеген қазақстандықтың қате баспауына, ақылмен шешім қабылдап, ақ-қараны тануына септесуде.

Жалпы үш жыл қатарынан жалғасқан операцияның нәтижесі жаман емес. Бүгінде «Жусан» операциясының 5-інші кезеңі шеңберінде Қазақстанға 607 адам қайтарылған. Оның ішінде 37 ер адам, 157 әйел және 403 бала бар екен. Өкінішке орай, елге келген балалардың 34-і жетім. ҰҚК мамандарының сөзіне, алдағы уақытта гуманды қадамның көрінісіне айналған «Жусан» операциясы әлі де жалғаспақ. Атауы мен мәні астанқан ауқымды жоба Қазақстанның әлемдік аренада діни тұрақтылықты сақтауға талпынған мемлекет ретіндегі беделін арттыра түсті.

2 БЕТТЕ

### ЭКОНОМИКА

## ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН ЖОСПАРЛАЙ БІЛЕСІЗ БЕ?



Бүгінде екі қазақтың басы қосыла қалса, әңгіме тақырыбы бірден-ақ несиеден-несие, қарыз жайына ойысады. «Бүгін несие алып, несиеңі жаптым» деген әңгіме былай қарағанда күлкілі жағдай болғанымен, бұл таза шындық. Қарыздан-қарызға өмір сүруге мәжбүрлеген не жағдай? Әрине, баға қымбаттығы, жалақының аздығы деген жауаптар айтылатыны сөзсіз. Алайда мәселенің екінші жағы қолдағы барды ұқсата алмауда жатқан секілді. Отбасы бюджетін жоспарлай білу әр отбасы үшін маңызды. Осы тақырыпта оқырманға пайдалы кеңес беруді экономика ғылымдарының магистрі Гүлшат Мұсаевадан сұраған едік. Экономист-маман бұл ретте тәуір дүние жолдапты. Отбасы бюджетін жоспарлауға, қаржылық сауаттылығыңызды арттыруға маман кеңесі артық болмас деп жариялағанды жөн көрдік.

3 БЕТТЕ

### ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Ердос ӘБДІСАТТАРОВ, қалалық мәслихат депутаты:

## «ҚОСШЫҢЫРАУҒА ГАЗ БАРАДЫ»



Жыл басында өткен сайлауда қалалық мәслихат депутаттығына өткен 22 мандат иесі бүгінгі күнге дейін қандай іс атқарды? Нендей мәселелер шешімін тапты? Осы орайда «Депутат мінбері» айдарында қалалық мәслихат депутаты, жеке кәсіпкер Ердос Әбдісаттаровпен сұхбаттасқан едік. Айта кетейік, Ердос Ғаниұлы – қалалық мәслихаттағы ең жас депутат. Ол жас та болса ел ішіндегі елеулі істерді назардан тыс қалдырмай, бұқара мұңының билікке жетуіне және оның орындалуына атсалысып жүрген жалынды жас.

2 БЕТТЕ

### ОЙМАҚТАЙ ОЙ ТАПШЫЛЫҚ

Біраз бұрын әзілқеш Михаил Жванецкийдің шығармасын оқығанмын. Қателеспесем, «Дефицит» болу керек. Жанрлық өлшемі қораштау, әңгіме не есеге келмейді. Мықтағанда, шай үстінде көңіл үшін айтатын қоше әзіліне шамалас. Көлемі де асса, бір парақ. Келте қайырған енді. Сонда автор нарықтағы тапшы дүниенің қадірі артағанын, кәсіпкерлердің жоқшылықтағы әлеуметтік деңгейі туралы өзекті мәселе көтереді.

Ұзын-ырғасы былай. Бас кейіпкерге дүкендегі сатушы танысы сөреде жоқ, тапшы зат ұсынады. Киім-кешек, азық-түлік. Айтудыңша, бұрын көрген өнім болғанымен халықтың қолы жетпейтін, екінші бірі ала алмайтын тауар. Елде жоқ тауарды еңшілегені артықшылыққа айналғанын, қайда барса да құрметтілердің қатарына қосылғанын жеткізеді. Кинотеатрдағы алдыңғы қатар, жақсының бәрі өзінде. Осы тауарды алса, танысының да сыйлы адамға айналғанын айтып, тағы келіптік береді: «Мен де құрметтімін, сен де құрметті боласың!». Сәтінде бас кейіпкерге де тапшылықтың маңызы жетіп, қарапайым зат ерекше көріне бастаған. Соңында автор «тыңды төңкеріп»: «Егер тапшы тауар қолжетімді болса, сатушының қадірі болмасы анық. Тапшылық (дефицит) – әлеуметтік ерекше қатынастың қозғалтқышы» деген жапал пікірмен түйіндейді...

Әңгіменің есіме түскен себебі бүгінгі ахуалмен байланысында болса керек. Қыжыртыпаның қызығы сол, әлемде жаппай індет тарап, карантинге құралғанда талай адам қолда бар тапшы тауардың көмегімен табысқа кенелісі келді. Әсіресе, медициналық бетпедер мен қолғапты қымбатқа сатып, халыққа жетпей жатқан тұста қос бүйірден қысқанын ұмыта қоймадық.

Тұрғындар да бұрын мән бермеген қарапайым тауарға ерекше мән бере бастаған еді. Қоше кезіп, бетпедер іздеген халық бағасы қанша болса да алуға ықылас танытып, сатушыға телмірді. Олар болса, еселеп күн қосып, өзінің артықшылығын арттырғысы келген-тұғын. Артында жағдай тұрақталып, тауар саны артқанда әлгі саудагерлердің мысы қайтып, тіпті қылмыстық жауапкершілікке іліккен жағдайы да кездескені мәлім.

Міне, осылайша Жванецкийдің ширек ғасыр бұрын жазған мысалы бүгінгі қоғамның бойынан әлі күнге арылмаған күйі келеді. Сол бағыт саудадағы кембағал сана, тапшылыққа ақыл таразысымен қарауға тауарсыз саудагер... Осының бәрі қай кезінде де тапшылыққа деген қоғам санасының өзгеріссіз қалатынын көрсететін секілді ме, қалай?!

Берен ШАҒЫРОВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының ел халқына жариялаған «Той тойлайтын емес, ой ойлайтын сат туды» атты Үндеуі бір ғана ұлтқа емес, жер атты алтын бесікте тербелген жалпы адамзатқа қарата айтылған анық сөз, ақиқат үкім десек те болады.

Өткен аптада қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридиновтың қатысуымен мобильдік топ қала ішінде той-жынының өтіп жатқанын анықтады және тоқтатты. Бүгінде карантин талабын сақтамай, сақтық шараларына салғырт қараған тойханалар мен қала тұрғындары жасырын той жасаудың доғарар емес. Осындай жағдайлар кейін дерттің таралуын өршеуде.

Бұған дейін мониторинг барысында карантин талаптарын бұзғаны үшін тек кәсіп иелеріне жауапкершілік жүктелсе, қазіргі таңда той иелеріне де айыпшұл салынады.



# САН СЕҢІМДІ ТОҒЫСТЫРҒАН

## БІЛІМ КӨЗІ БІРЛІКТЕ

Қазіргі таңда Қазақстанда ислам және христиан дінін ұстанатын азаматтар халық санының шамамен 70 процентін құрайды. Өзге дінге де еркіндік берілген. Тек мемлекет саясатымен өзектес болса, адам құқығы мен қауіпсіздігіне зиян келтірмесе болғаны. 1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы заңы да бақылауды күшейтуге, қадағалауға арналған.

Осы орайда елдегі ең беделді діни бірлестік – ҚМДБ. Ұйым 1990 жылы «Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы» діни бірлестігі болып құрылып, 30 жылдан бері негізі ислам ұйымына айналды. Ұйым идеологиясы дәстүрлі діни сенім мен ұлттық ерекшелікті ұштастыра білу арқылы тұрақтылықты қамтамасыз етуде. 2000 жылғы маусым айындағы құрылтайда ҚМДБ төрағалығына білікті арабист және дипломат, профессор Әбсаттар Дербісәлі сайланды. Биыл өмірден өткен ғалым саналы ғұмырын қазақ жеріне енген жат ағыммен күресуге арнап, сан ғасырлық дәстүрлі сенімді нығайтуға барын салды.

Тәуелсіздік жылдары қол жеткізген тұрақтылықтың тағы бір кепілі – діни білім беру. Бүгінде мемлекеттің жан-жақты бақылауы арқылы дін саласында білім алу, оқу құқығы қалыптасты. Қазақстанда 8 діни жоғары оқу орны, 6 орта дәрежелі діни оқу орны мен 3 жалпы білім беру мекемесі жұмыс істеуде. «Нұр-Мұбарак» Мысыр ислам мәдениеті университеті мен ҚМДБ қарамағындағы «Имамдардың біліктілігін жетілдіру институты» да жүйелі жұмыс істеуде. Бұған қоса елде 1 католик, 1 лютеран және 4 протестант оқу орны бар. Бұл оқу орындарының барлығы жастардың діни сауатын арттыруға, теріс ағым мен жаңсақ сенімнің жетегінде кетпеуіне жол ашып келеді.

## МҰРАТЫ БІР – МЫҒЫМ ЕЛ

Шынында, Тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктің бір көрсеткіші діни тұрақтылық екені даусыз. Алмағайып заманда дін басты мәселеге айналған мемлекеттердің тағдыры біздің елге сабақ боларлық. Ауғанстан, Сирия, Ирак секілді аймақтарда діни фанатизм мен теріс сенім халықты сергелденге түсіріп, экономикалық-әлеуметтік дамуға кедергі келтірді. Сондықтан әлем халықтарының ортақ ымырасы мен ұстанымы бір үтеден шыққанды ғана ғаламда тыныштық орнамақ. Осы орайда Қазақстан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін ұйымдастырып, жаһанға дінаралық қатынас пен түсіністікті насихаттауда алдыңғы шепте. 2003 жылы



23-24 қыркүйек аралығында Қазақстанда алғаш Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өткені белгілі. Тұңғыш рет қолға алынған қадам көшбасшыларға қозғау салып, қордаланған көптеген мәселенің шешілуіне түрткі болды. Жиынға ислам, христиандық, иудаизм, синтоизм, индуизм және буддизмнің беделді өкілдері қатысып, Нұр-Сұлтандағы Бейбітшілік және келісім сарайында әлемдік діни ахуалды талқыланды. Бұл егемен елдің ауыз толтырып айтарлық жетістігі екені даусыз.

Содан бері Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі елордада тұрақты өткізіліп, мәдениет-аралық, халықаралық мәселелер мен дінаралық диалогтар жүзеге асты.

Мысалы, 2015 жылы өткен бесінші съезде діни және саяси көшбасшылар татымды пікірлермен бөлісе білді. Кезекті жиынға БҰҰ-ның сол кездегі Бас хатшысы Пан Ги Мун, Иордания королі Абдалла II, Финляндия президенті Саули Ниинистен, Нобель сыйлығының иегері Шимон Перес, Малайзияның премьер-министрі Мохаммед Махатхир, Канаданың бұрынғы премьер-министрі Жан Кретьен, Дүниежүзілік Ислам лигасының бас хатшысы Абдалла ат-Түркі, Дүниежүзілік ислам

мәзһабтарын жақындастыру асамблеясының бас хатшысы Аятолла Шейх Мохсен Араки, католиктер шіркеуінің кардиналдары Йозеф Томко мен Жан-Луи Торандіні секілді салмағы бар тұлғалар арнайы келді. Алғашқы съезге 13 елден діни лидерлер мен қонақтар келсе, VI съезге әлемнің 50-ге жуық елінен 100-ге тарта делегация қатысқан.

Мұндай тұрақты басқосудың маңызын съезд бастамашыларының бірі, Елбасы Н.Назарбаев былайша тартқан:

«Түпкі мақсатты белгілеудің қажеті жоқ, оны белгілеуге болмайды. Біртұтас діни кеңістік құру да мүмкін емес. Орын алып отырған қайшылықтардың барлығын да еңсеріп алмаймыз, оның үстіне олар кейде ұлы діндердің түп негізіне қатысты болып жатады. Тұрақты диалог орнатудың басты құндылығы – көзқарастар мен түсініктердің қарама-қайшылығына қарамастан, жалпы ортақ мәмілеге келу қажеттігін маңызын түсіну және оған қол жеткізудің жолдарын іздегіру болып табылады. Ең бастысы – диалог бейбітшілік пен келісім алаңын, үйлесім мен айқындық дәуірін қалыптастырады».

**P.S.** Тәуелсіздік жылдарындағы экономикалық жетістік жетерлік. Алайда мемлекет үшін де, халық үшін де ең басты байлық – тұрақтылық, бейбітшілік. Сондықтан Қазақстанның діни тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жасаған қадамдары ең маңызды күш ғана емес, халықтың болашағын айқындайтын шешімге айналды.

Ерсін ШАМШАДИН

Басы 1-бетте

## МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

# ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ӘУЛЕТІ



«Отан – отбасынан басталады» деген халық даналығы бекер айтылмаған. Отанға деген құрмет алдымен әркімнің өз отбасында қалыптасады. Өке, ана, бала ошақтың үш тағаны секілді, бірін-бірі толықтырып тұрады. Бақытты отбасын құру екі-ақ адамның қолынан келеді. Бірі – отағасы болса, екіншісі – отанасы. Ол үшін бұл екі тұлғаның болмысы бүтін болуы керек.

Біз сөз еткелі отырған әулет осындай қағидаларды берік ұстанады. Теміржолшы Тілеу ата мен Үлмекен әже он бала тәрбиелеп өсірген өнегелі өмір иелері. Теміржол саласының құрметті ардагерлері атанған еңбек адамдары. Байырғы заманан теміржол саласының қазанында қайнап, ыстығы мен суығына төзген майталман мамандардың ерлікке пара-пар еңбек жолдарын екеуінен өрбіген ұрпақ жалғастырып келеді.



Ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты бекем ұстанған әулетте ұлтқа қызмет ететін ұлағатты ұрпақ өсіп тәрбиеленді. Ұлдары Ермекбай «Құрмет» орденінің иегері, «Құрметті теміржолшы». Ал Нұрсұлтан «Қазақстан теміржолы» Шымкент бөлімшесінің директоры, заң саласының маманы. Қызы Ажарқұл магистральдық желі бөлімшесінің кәсіподақ төрайымы. Екінші қызы Базарқұл батыр ана, Сексеуіл кентіндегі теміржол бекетінде қызметкер. Алмағұл де дәстүр сабақтастығынан жаңылған жоқ. Ол да ата-анасы секілді теміржол саласында еңбек етуіне мақсат еткен. Немересі Жанқуат та әулет дәстүрін жалғастырып, теміржолшы мамандығын таңдады. Ал жиендері Батыржан болса, Қызылорда теміржол бөлімшесінің директоры. Мейрамбек пен Рашид және келіндері де теміржол саласында шарболаттай шыңдалған жас мамандар. Олар да осы саланың майталман маманы болуды алдарына мақсат етуде.

Тілеу ақсақалдың отбасында дүниеге келген тоғызыншы бала Әпсұлтан да атадан балаға мирас болған теміржол саласының жұмысын одан ары жалғастырып жүр. Қазіргі таңда бұл әулеттің династиясы 500 жылға жуықтайды. Әпсұлтаннан тараған төрт баланың үшеуі әке жолын жалғауда.

Әпсұлтан Тілеуұлы – қазақ ұлттық академиясы мен қазақ жол қатынасы университетінің түлегі. Сексеуіл кентінде туып өскен. Ауылдағы №22 орта мектебін бітірген соң өзі арман еткен теміржолшылар даярлайтын білім ордасын тамадап, алғашқы еңбек жолын туған ауылындағы «СПМ-716» мекемесінде III санатты электр және №15 қалпына келтіру пойызында қарапайым жұмысын бастайды. Тынымсыз еңбегінің арқасында жауапкершілігі ауыр жұмыстың барлық сатысында абыройлы атқарып шығады. Атап айтар болсақ, жылжымалы электростанцияда машинист, локомотив депосында машинист көмекшісі, теміржолға қарасты отын қоймасының басшысы қызметтеріне дейін көтеріледі. Кәсібіне деген ықыласының нәтижесінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ бақылаушы ревизоры, мекеме басшысы болып жұмыс істейді. Қазіргі таңда 2017 жылдан бастап Қызылорда бөлімшесі директорының орынбасары қызметін атқарып келеді.

– Әпсұлтан Тілеуұлы қызмет жолында өзін өндірістің барлық саласын білетін майталман маман ретінде көрсете отырып, басшылық қызметінде талапшыл, ұйымдастырушылық қабілеті бар білікті тұлға екенін дәлелдей білді. Заманның талабына сай шыққан жаңа техникалық жабықтарды өндіріске енгізуге бойындағы барлық ынтанықтасы мен білімін жұмсады. Теміржол саласында көп жылдардан бері абыройлы еңбек етіп келеді. Поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге адамзатқа қажетті қырағалық пен төзімді тәзімділік Әпсұлтан Тілеуұлының бойынан табылады. Ол ел халқының межелі мекен жайына уақыттылы жетуіне өз септігін тигізіп келеді. Осындай қажырлы қайратының арқасында Қазақстан темір жолы, департамент дирекциясы, жол бөлімшесінің және партиялық-саяси жұмыстарды жүргізуде атқарған алуан еңбегі үшін «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының құрмет грамоталарымен марапатталды. Өріптестерінің арасында беделді. Ұжымда зор құрметке ие. «Nur Otan» партиясы аясында өткізіліп жүрген қайырымдылық акцияларына тұрақты түрде қатысып, тұрмысы төмен отбасыларына, ардагерлерге әртүрлі әлеуметтік көмектер көрсету мақсатында жеке қаражаты есебінен жәрдемдесіп келеді. Бұл оны азаматтық парызы санайды. Осындай мың сан жұмыстың арасынан сынадай уақыт тауып, отбасына да жиі көңіл бөліп тұрады. Атаның тектілігі мен аның адал сүтімен бойға дарыған қадір-қасиеті адал еңбек етуге тәрбиеледі. Ол сол ізгі жолдан жаңылған емес. Ағзы атасынан бері қарай жалғасқан теміржол саласының қиындығы мен қызықшылығын бағына балайды. Қоғамдық істердің де ұйытқысы болуда ұдайы белсенділік танытып келеді, – дейді «Nur Otan» партиясы Теміржол филиалы төрағасының бірінші орынбасары Базар Танбаева.

Әпсұлтан Ерманов жұбайы Орынқұл екеуі өнегелі отбасын құрып, саналы ғұмырларын білімді ұрпақ тәрбиелеуге арнады. Ұлдары Бақытбек пен Болатбек Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстан теміржолы» қызметінде жұмыс істейді. Қызы Бақытқұл Қызылорда теміржолы бөлімшесінің қызметкері.

Міне, барлық еңбек өтілі бес ғасырды құрайтын әулет бір салада жұмыс жасап келе жатыр. Ерманов отбасы осы табанды еңбегінің арқасында ел құрметіне бөленіп отыр. Олар «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезіне қатысып, «Үлгілі отбасы» номинациясымен марапатталды.

– Елге азғантай да болса пайдамыз тисе, ата-ана үмітін ақтағанымыз. Ол туған жерге жасаған жақсылық. Ал әулет үшін бұл басты мақсат, – дейді Әпсұлтан Ерманов өз сөзінде.

Т.ШАЙДУЛЛАУЛЫ

## Ердос ӘБДИСАТТАРОВ, қалалық мәслихат депутаты:

# «ҚОСШЫҢЫРАУҒА ГАЗ БАРАДЫ»

– Ердос Ғаниұлы, сізді әзірге ең жас депутат ретінде танимыз. Депутат болудағы басты мақсатыңыз қандай?

– 2020 жылы «Nur Otan» партиясының атынан Қызылорда қалалық мәслихатына депутат болып сайландым. Депутат мандатын иеленудегі басты мақсатым – халықтың ал-ауқатын көтеруге, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына, қоғамның өзекті мәселелерін шешуге атсалысып, өз үлесімді қосу. Халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, қолымынан келгенінше түйткілді мәселелердің оң шешілуіне ықпал жасау, қолдау көрсету. Жаңа өзіңіз атап өткендей бойымдағы жастық жігеріммен жинаған тәжірибемді, алған білімімді ел игілігі жолына жұмсау азаматтық парызым деп санап, соны өзіме мақсат еттім. Халық қалаушылары білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік салаларда сапалы қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қолдайы жағдай жасауымыз керек.

– Халық қалаушысының міндеті қандай?

– Халық қалаушысы болу – ең біріншіден, сенім арқан сайлаушылардың алдындағы үлкен жауапкершілік. Депутат сайлаушылардан келіп түскен өтініштерді қарауға, азаматтарды жеке қабылдауды тұрақты түрде ұйымдастыруға міндетті. Сондай-ақ өз округіндегі сайлаушылармен үнемі кері байланыс жасап, оларға мәслихатта атқарылып жатқан жұмыс барысын, тұрақты комиссиялардың қызметі, мәслихат шешімдерінің орындалуы жөнінде хабарлап отыруға керек. Сонымен қатар мәслихат шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруға және ұдайы бақылау жасап отыруға қатысуы тиіс. Өз өтінішіңіз өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге атсалысуы керек деп есептеймін.

– Мәслихаттағы жарты жылды қалай өткіздіңіз? Біткен іс туралы айтыңыз...

– Халықпен кездесу талапқа сай карантиндік режимді сақтай отырып ұйымдастырылуға. Канвассинг кездесулерде және қоғамдық қабылдауларда халықтың ұсыныс-пікірлері өз шешімдерін табуға. Қосшыңырау ауылдық округі, Абай ауылының тұрғындарының бірнеше жылдан бері көтеріліп келе жатқан ең өзекті мәселесі – ілеспе газға



қол жеткізу. Қазіргі таңда облыстық энергетика басқармасы мен қалалық экономика және бюджетті жоспарлау бөліміне газдандыру бойынша жобалау сметалық құжаттарына 11 млн 688 мың теңгеге өтінім беріліп, облыстық мәслихатта мақұлданды. Қазіргі уақытта мердігер мекеме жұмысты бастап жатыр. Қалған қаражат келесі бес жылда кезек-кезеңмен қаралып, бөлінетін болады.

– Қарауылтобе ауылында да әлеуметтік мәселелердің бірі жол, жарық мәселесі. Бұл жағдай қалай шешілуде?

– 2020 жылы қалалық бюджеттен 81,8 млн теңге қаржы бөлініп, Ж.Әбдіхалыков көшесінің бас жағына және А.Құнанбаев көшесінің аяғына қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізілсе, А.Құнанбаев көшесі (ұзындығы 1,3 шақырым) мен Ж.Әбдіхалыков көшесіне (ұзындығы 1,6 шақырым) орташа жол жөндеу (асфальт) жұмыстары толығымен аяқталды. Сонымен бірге үнемделген қаражат есебінен 1,5 млн теңгеге А.Құнанбаев көшесінің бас жағына қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізілді. «Өңірлерді дамыту-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1,9 млн теңгеге Абай тұйығына қиыршық тас төселді. Елді мекеннің кіреберіс жолында орналасқан округ атауы жазылған арқаға үнемделген қаражат есебінен безендіру жұмыстары жүргізіліп, түнгі жарықпен қамтамасыз етілді.

– Халық арасында екі ұдай пікір айтылууда. Осыған азаматтық көзқарасыңыз қалай?

– Иә, бұл індет адамзаттың өмірге деген көзқарасын өзгертті деуге болады. Көптеген сұрақтарға басқаша қарауға мәжбүр етті. Басты құндылық – адамның

өмірі мен денсаулығы екенін түсіндік. Біздің еліміз де, әлемнің басқа да елдері секілді үлкен қиыншылықтарға тап болды. Осы қиыншылықтарға қарамастан, халықтың денсаулығы мен өмірін сақтап қалу үшін күресуіміз керек. Елдің экономикалық тұрақтылығын сақтауымыз керек. Жұмыс жасап тұрған кәсіпорындар жұмысының тоқтап қалмауына ықпал жасауымыз керек деп ойлаймын. Өріне, ұзақ уақытқа дейін қалыпты зардабы болады. Бұрынғы пәлестіміз өмірімізге қайта келудің бірден-бір жолы екіп ектіру деп ойлаймын. Біз жақындырымызға жанашыр болуымыз керек. Сондықтан қоғамды екіп салдыруға шақырамын.

– Ал Аралдағы төтенше жағдайға халық қалаушылары қандай үн қосуда?

– Биыл облысымыз үшін айтарлықтай ауыр жыл болып отыр. Өздеріңізге белгілі Сырдария өзеніне келіп құятын су көлемі едәуір азайды. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы саласы, жалпы облыс халқы көптеген мәселелерге бетпе-бет келді. Су жетіспей жатыр, оның үстіне биыл жауын-шашын аз түсті. Осының салдарынан қазіргі уақытта қуаңшылық орын алды. Арал ауданында төтенше жағдай жарияланды. Құрғақшылықтың салдарынан жүздеген ірі қара мал қырылып қалды. Шаруаларымыз тығырыққа тіреліп отыр. Қазіргі уақытта облыстық, қалалық мәслихат депутаттары кәсіпкерлермен кездесіп, көмек көрсетуде. Біз Аралмен біргеміз. Әрқашан қолдау жасаймыз.

– Мағжан сенген жастардың бірі өзіңісіз. Ұлы тұлғалардың өмір жолдарын қарап отырсаңыз елге аян ерліктерінің барлығын жас кезінде

жасаған. Жастардың бойынан қандай қасиеттер көргіңіз келеді?

– Жастар – еліміздің келешегі. Қазір білімді, ақылды жастар өсіп келе жатыр. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген емес пе? Қазіргі уақыт білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді тұрмыс игілігін жарата білуіміз қажет. Сонымен қатар жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизм, халық дәстүрлерін дәріптеу, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге деген құштарлықты көргім келеді. Алған білімін, тәрбиесін еліміздің өркендеуіне жұмсаймын деген жастар көп болса екен деген тілегім бар.

– Алдағы сессияға қандай ұсыныстар әзірледіңіз? Құпия болмаса оқырманмен бөлісе отырсыңыз...

– Ешқандай құпиясы жоқ. Қазір ашық қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан барлығы халықтың көз алдында болғаны дұрыс. Алдағы болатын сессияда Қарауылтобе ауылдық округі бойынша өзекті мәселе болып келген қиыншылықтарды өндіріске бөлу туралы және қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімімен келісім жүргізіп, жаңа қоныстанушы аймақтарға электр желілері бағаналарын стандартқа сәйкес етіп орнатуға, жалпы айтқанда инфрақұрылымның толық жүргізуіне ұсыныстар жасалады. Досан ауылында электр желілері бағаналарын стандартқа сәйкес етіп орнатуға, дәрігерлік амбулатория салуға, жол мәселесі бойынша қиыршық тас төсеуге бюджеттен қаражат бөлінуіне ықпал жасаймыз.

– Депутат Ердос Әбдісаттаровты ел жақсы біледі. Отбасындағы Ердос қандай?

– Айтарлықтай айырмашылық жоқ деп ойлаймын. Сол өздеріңіз көрген қалпымын өзгерген емеспін. Отбасында – жұбайыма тірек, балаларыма қамқор әке, ата-анам, ағайын-туыстарыма қайырымды болуға тырысамын. Жұмыстан қолым босай қалған кезде, ата-анамның жағдайын сұрап, балаларымның тәрбиесіне көңіл бөлуге тырысамын.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан  
Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ  
Суретке түсірген  
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте





# ОТБАСЫ БЮДЖЕТІН ЖОСПАРЛАЙ БІЛЕСІЗ БЕ?

Отбасы – шағын мемлекет. Олай болса, әрбір отбасында кәдімгідей мемлекеттегі сияқты функциялар жүзеге асырылады. Мысалы, отбасын құруды жоспарлаудан бастап, ондағы шаруашылықты тиімді жүргізу, бюджетті қалыптастыру және бөлу, қаржының мақсатты жұмсалуды мен тиімділігін қадағалау, қауіпсіздік қорын жинақтау, отбасының әрбір мүшесінің құқықтары мен міндеттері, олардың қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы, табысқа қол жеткізуі. Отбасының қалыптасуы, нығаюы, өсуі мен өркендеуі немесе тоқырауға ұшырау, ыдырау, құлдырау кезеңдері...

Отбасы шаруашылығын, әсіресе, отбасылық бюджетті жоспарлау және басқарудың дұрыс және үйлесімді болуын қамтамасыз етудің отбасы үшін де, тұтастай еліміз үшін де маңызы аса зор. Сондықтан осы бағытта бірнеше тақырыптық талқылаулар жасауға болады. Бүгін отбасы бюджетін жоспарлау жайлы сөз қозғаймыз.

**Отбасылық бюджетті жоспарлау дегеніміз** – бұл отбасы кірістері мен шығыстарын есептей отырып жасалатын қаржылық жоспар. Мұны әрбір отбасы өзіндік ерекшеліктеріне орай дербес анықтап, жасайды. Дегенмен отбасылық бюджетті жоспарлау барысында негізге алатын жалпы ортақ жағдайлар бар. Соларға тоқталайық.

**Отбасылық бюджетті жоспарлау мен басқаруға келесідей бірқатар жалпылама факторлар әсер етеді:**

**1. Отбасы жағдайың дәл анықтау.** Біз халықты кеңес үкіметі теңестіргенге дейінгі тарихымызда айтылатындай таптарға бөлумен аулақпыз, дегенмен, «аурын жасырған өледі» демекші, қазіргі қоғамда мәдениетті түрде «аса байлар», «байлар», «орташа тұрмыстылар» және «кедейлер» бар екендігін мойындауға тиіспіз. Сонымен қатар денсаулығы мен мүмкіндіктеріне байланысты да түрлі категорияларды келтіруге болады. Сол себепті өзіндік табысыңыз бен тұрмыс-тіршілігіңіздің деңгейіне өзіңіз жан-жақты сараптама жасап, қайсы категорияға жататындығыңызды дұрыстап анықтап алғаныңыз жөн.

**2. Отбасындағы бірлік пен ынтымақтастық.** Отбасындағы жеке және ортақ мақсаттары, жеке және ортақ міндеттері, жеке және ортақ жауапкершілік, т.б. осы сипаттағы мәселелер өте маңызды. Әсіресе, отбасын бәрінен жоғары қоятын біздің ұлттық менталитетімізде мұның орны ерек.

Егер сіздің отбасыңыздың нақты мақсаты болмаса, онда сіз оған қол жеткізуге көмектесетін бюджет жасай алмайсыз. Міндеттерді дер кезінде дұрыс атқару, жауапкершіліктің салмағын сезіну жағдайларының да бюджетке ықпалы зор.

**3. Отбасы мүшелері.** Отбасы мүшелерінің саны, жасы, жынысы, мүдделері, қызығушылықтары, мұқтаждықтары мен қажеттіліктері, мінез-құлықтық үйлесімділік, бір-біріне деген көзқарастары, ықыластары, ашықтық, сенімділік, құрмет, ізет пен ілтипат, өзара сыйластық, т.б.

Біреулерде «мұның не қатысы бар?» деген заңды сұрақтар туындауы мүмкін. Өзіңіз ойлаңызшы, отбасы мүшелері «бас-басына би болса», қаржы қажеттілігіне орай емес, қалауына қарай жұмсалса нәтиже қалай болмақ?

Отбасының негізгі қаржы өтелмей, міндеттемелері орындалмай, жағдайы құлдырайды, шаңырақта айғай-шу, ұрыс-керіс басталады, ары кеткенде мәселенің шешімі тамыр-таныстарға жағдай айтып, тағы бір қарызға кіруге немесе шартты түрде несие рәсімдеуге саяды. Ол өз кезегінде отбасы қорын сарқып қана қоймайды, қалтаныңбен бірге жүйкеніңді де жұқартады.

**4. Отбасындағы басқару мәселелері.** Отбасындағы бүкіл шаруашылықты келесі функциялар арқылы жүзеге асырамыз:


- жоспарлау (қысқа, орта және ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлар құру);
  - ұйымдастыру және үйлестіру (отбасының әрбір мүшесінің атқаратын қызметтері мен міндеттерін бөлу, өкілеттілік беру және жауапкершілік жүктеу);
  - мотивация (отбасы мүшелерінің арқайсысының мақсат, мүдделерін, қызығушылықтарын, мұқтаждығы мен қажеттіліктерін ескеру);
  - бақылау (артылған сенім мен жүктелген жауапкершілікті, тапсырылған істі тиянақты орындауын қадағалау, күтілген үміт пен нақты нәтижені салыстыру).
- Сонымен қатар басқару құрылымы арқылы:
- орталықтандырылған басқару (бір адамға бағыну, мысалы, қазақ отбасының тәжірибесінде жиі кездесетіндей, отбасы немесе отбасының айтқанымен келісу, сөз қадірін ұғыну, құлақ асу, тоқтамаға келу);
  - орталықтандырылмаған басқару (бытыраңқылық, яғни әркім өздігінен, өз билегенінше әрекет ету, кейде жалған демократияға да саяды...);

Басқару стильдері арқылы:

- авторитарлық (өктемдік, үстемдік ету, менмендік пен тәкәппарлық таныту, мысалы, кез келген жағдайда өзін ғана көреді, өзін ғана тыңдайды: «өзім білемін», «мен айттым бітті», «менің ұсынымым талқылауға жатпайды», т.б.);
- либералдық (немқұрайлық басым, жауапкершіліктен қашақтап, тіпті отбасының ең күрделі мәселелерін шешуге де қатыспайды, «мейлі, солай-ақ болсын», «өз билегендеріңше жасаңдар»);
- демократтық (барлығының пікірі тыңдалып, ортақ келісімге келу, бірлескен шешім қабылдау, «жеті рет пішін, бір рет кесу»).

Басқару деңгейлері арқылы:

- қарапайым құрылымды: ата-ана; бала-шаға (сызба 1).



Сызба 2. Отбасындағы көп деңгейлі басқару құрылымы

**5. Отбасылық бюджет түрлері.** Отбасылық бюджетті құру сіздің отбасыңызда қолданылатын отбасылық бюджет түріне тікелей байланысты. Сондықтан отбасылық бюджет жоспарын құрмай тұрып осыны анықтап алған дұрыс. Сіздің отбасыңыз қай типке жатады?

Негізінен әлемдік тәжірибеде қолданылатындай, барлық отбасылық бюджеттер төмендегідей 3 категорияға бөлінеді:

- Бірлескен отбасылық бюджет;
- Дербес (бөлек) отбасылық бюджет;
- Араласқан (іскерлік) отбасылық бюджет.

Ендігі жерде түсінікті болу үшін жоғарыда аталған отбасылық бюджет типтеріне жеке-жеке тоқталайық.

**Бірлескен отбасылық бюджет** – ерлі-зайыптылардың кірістерін бірге жинақтауы. Сол қаражатты отбасының барлық жалпы шығындары мен жеке шығындарына жұмсау туралы шешімді бірлесіп қабылдауы. Бұл жағдайда жеке қаржы және отбасылық бюджет өзара байланысты болады.

Артықшылығы: отбасы мүшелерін «бірлікке», «бірлесіп әрекет етуге» шақырады. Жағдайы: жұбайлардың әрқайсысының табысы жеке-дара емес, бірге басқаруға ниетті болуы.



Бұл отбасылық бюджеттің ең көп тараған түрі болып табылады және де осы тәсілді көп отбасылар қолданады.

**Дербес (бөлек) отбасылық бюджет** – әр отбасы мүшесі өз табыстарына жеке дара иелік етеді. Батыс елдеріндегі отбасылар негізінен осы категорияны жиі қолданады. Мұны «батыстық демократия» белгісі ретінде сипаттайды: ерлі-зайыптылар бір шаңырақтың астында өмір сүргенмен, бір-біріне қаржылық тұрғыда тәуелді болғылары келмейді. Отбасы шығындарын да жеке төлейді, тек қаражат мол кететін шығындарға келгенде ғана бірлесіп шешім қабылдайды. Бұл үрдіс соңғы жылдары біздің елдегі біраз отбасылардың тәжірибесінде де кездеседі. Ерлі-зайыптылардың екеуінің де жоғары табысы бар және ешкімге тәуелді болғысы келмейтін отбасыларда қолданылады.

Артықшылығы: қаржылық септер бойынша қақтығыстар жоқ. Кемшіліктері: бірлескен сатып алулар жасауды қаламауы.

**Араласқан (іскерлік) отбасылық бюджет** – бірлескен және дербес (бөлек) отбасылық бюджет типтеріндегі сипаттарға ие болған бюджет. Бұл жерде отбасы мүшелері ақшаларын бірлесіп жинайды, алайда бұл жайт барлық табысына қатысты емес, алдын-ала келісіліп жоспарланған соманы ғана бірлесіп жинап отырады. Мысалы, тамақ, коммуналдық төлемдер, тұрмыстық шығындар және т.б. сияқты барлық негізгі шығындарды төлегеннен кейін ғана қалған қаражатты өзіңіз басқара аласыз, яғни табысының қалған бөлігін өздері қалағандарына жұмсайды.

Артықшылықтары: тараптардың қаржылық тәуелсіздігі; жалпы отбасылық бюджеттен жұмсалған ақшаға киінілі болмауы.

Кемшіліктері: отбасы мүшелерінің бір-біріне сенімсіздігі.

**6. Отбасылық бухгалтерия – бұл шығыстар мен кірістер балансын жүргізу.** Қазақстанның экономикалық сауаттылығы жөніндегі халықаралық орталығының зерттеулеріне қарағанда, 63% қазақстандық ақшасы жалақы алатын күнге жетпейді, 38% қазақстандық кірісі мен шығысын мүлдем есептемейді.

Сарапшылар күнелікті қаражатты жазып жүруді ұсынады. Сатып алғандарымызды қағазға түсіріп жүретін болсақ, ақшамыздың қалай жұмсалып жатқанын білетін боламыз.

Отбасылық бухгалтерия тек тәртіпке шақырып қоймай, адамды үнемдеу мен қажетсіз қаражаттардан аулақ болуға баулиды, мотивация береді.

Сонымен отбасында кез-келген қосындылар мен мекемелердегі секілді кіріс және шығыс есептері үнемі жүргізіліп отыруы керек. Айталық:

- кіріс мөлшері: күндік, апталық, айлық, жылдық...
- шығыс мөлшері: күндік, апталық, айлық, жылдық...

Белгілі бір кезең соңында жоғарыда аталған кірістер мен шығыстардың айырмасын қалдық немесе қарыз мөлшерін есептейміз (күндік, апталық, айлық, жылдық...).

Сонымен қатар табыстар мен шығыстардың кіріс немесе шығыс көздерін, олардың түрлерін қайсысы тұрақты немесе қайсысы өзгермелі (ауыспалы) екендігін анықтаймыз.

**Тұрақты шығындар** деп отырғанымыз белгілі бір кезеңде қайталанып отыратын және оған төлем жасамау мүмкін емес болатын міндетті шығындар.

Ал **өзгермелі (ауыспалы) шығындар** деп отырғанымыз төлем көлемі өсіп немесе кеміп отыратын, тіптен, уақыт өте келе қысқарып қалатын шығындар.

Қарапайым түрде қарастыратын болсақ, жоспарланған және нақты шығындарды бөліп көрсетуге болады. Жоспарланған шығындар келешекте белгілі бір кезеңде жоспарланған шығыстар негізінде ай/жыл басында анықталады. Нақты шығындар есеп беру кезеңінің (ай/жыл) соңында нақты жұмсалған шығындар негізінде анықталады. Жоспарланған және нақты шығындарды үнемі салыстырып және талдап отыру қажет. Сонда ғана келешекте бюджетті қашан және қалай үнемдеу мүмкіндіктері айқындалады.

**Табыс көздері:** жалақы, жәрдемақы, қосымша қызметтер, т.б. Мұнда жалақы **тұрақты табыс көзі** болып есептеледі. Ал **тұрақты шығыс көздері:** коммуналдық қызметтерге жұмсалатын қаржы.

**Ескертуін жеткізілгенді:** Бұл жерде жалақымен жұмыс істейтін барлық отбасыларына ортақ болып келетін негізгілерін ғана айтып отырмын, дегенмен, әрбір отбасының кіріс және шығыс көздері, қаражат көлемі мен деңгейлері, олардың тұрақты немесе өзгермелі болуы көп жағдайда тек қана өздеріне байланысты.

Отбасылық бюджетті құру барысында ең көп кездесетіні айлық жоспарлау. Мұнда міндетті түрде келесі айдағы кірістеріңіз бен жұмсалатын шығындарыңызды есептеу керек. Барлығын алдын-ала ойластырып, есептегеннен кейін ғана келесі айға бюджетіңізді нақты жоспарлай аласыз.

Ең дұрысы, отбасы бюджетіңіз кестесін құру жұмысыңызды жоспарлы, жинақы жүргізуге жәрдемдеседі. Отбасылық бюджет кестесін әр түрлі тәсілдермен **қағазға, MS Excel-ге, арнайы бағдарламаларға** жасауға болады. Мысал ретінде бірлескен отбасылық бюджет типіне жататын 4 адамнан тұратын (жасқа толмаған және 3 жастағы балалары бар ерлі-зайыптылар) жас отбасының айлық отбасылық бюджет кестесінің ең қарапайым үлгісін ұсынамыз.

1-кестеден қорықп тұрғандарыңдай, ең алдымен ерлі-зайыптылар нақты табыстарының барлығын есептеп көрсетеді. Ай сайынғы жалпы кіріс көлемін есептеп алғаннан кейін алдымен міндетті шығындарыңызды жазу керек. Оларға несені өтеу, жинақ жинау (қауіпсіздік қоры) сынды міндетті қаражат жұмсалатын категориялар жатады.

Осыдан кейін ғана, мына категорияларға жұмсалатын отбасы шығындарын жазасыздар:

1. Барлық отбасылық шығын;
2. Балаларды қамтамасыз ету үшін жұмсалатын шығындар;
3. Күйеуіңіз жеке шығындары;
4. Әйеліңіз жеке шығындары.

Сонымен қатар табысыңыздың бір бөлігін тосыннан болатын «форс мажор» жағдайларға/шығындарға да сақтап қойғаныңыз жөн.

Ал отбасыңыз араласқан отбасылық бюджет типіне жататын болса, онда отбасылық бюджет кестесін қалай құру керек?

Ол үшін ерлі-зайыптылар ең бірінші жеке шығыстарын алдын-ала келісілген көлемде (мысалы, отбасының барлық табысының, не жеке табысының пайызынан) есептеп алып, қалған бөлігін отбасының қажеттіліктеріне береді. Тағы бір айта кетерлік жайт, бұл типтегі отбасы мүшелері жинақтарын бөлек жинауы мүмкін.

## Кесте 1. Кірістер мен шығыстар балансы

көрсеткіштер	Кіріс/шығыс көздері	жоспар	факт	ауытқу	
<b>КІРІСТЕР</b>					
<b>Отбасының (күйеуінің) табысы</b>	негізгі еңбек жалақысы	200000	200000	0	
	қосымша табысы	0	0	0	
<b>Отбасының (күйеуінің) табысы</b>		<b>200000</b>	<b>200000</b>	<b>0</b>	
<b>Отбасының (әйелінің) табысы</b>	әлеуметтік жәрдемақы	19865	19865	0	
	қосымша табысы	40125	43135	+ 3010	
<b>Отбасының (әйелінің) табысы</b>		<b>59990</b>	<b>63000</b>	<b>+ 3010</b>	
<b>Отбасындағы барлық табыс мөлшері</b>		<b>259990</b>	<b>263000</b>	<b>+ 3010</b>	
<b>ШЫҒЫСТАР</b>					
Міндетті шығындар	Несені өтеу	33000	33000	0	
	Қор жинау	20000	25000	+ 5000	
<b>Барлық міндетті шығындар мөлшері</b>		<b>53000</b>	<b>58000</b>	<b>+ 5000</b>	
Отбасына кететін шығындар	Тұрақты шығындар	коммуналдық төлемдер	21000	22500	+ 1500
		интернет	6490	6490	0
	өзгермелі (ауыспалы) шығындар	азық-түлік	40000	43000	+ 3000
		киім-кешек	20000	15000	- 5000
		тұрмыстық химия	3000	3500	+500
демалыс көңіл көтеру	20000	18000	+500		
<b>Отбасына кететін барлық шығындар мөлшері</b>		<b>110000</b>	<b>108000</b>	<b>- 2000</b>	
Балаларға кететін шығындар	Балабақшаға	15000	15000	0	
	Ойыншықтарға	5000	5000	+ 1100	
	Көңіл көтеру	10000	8000	-2000	
<b>Балаларға кететін шығындар</b>		<b>30000</b>	<b>29100</b>	<b>- 900</b>	
Отбасының (күйеуінің) жеке шығыны	Темекіге	7500	8100	+ 600	
	көлікке	15000	17000	+ 2000	
	шаптаразға	1000	1200	+ 200	
	моншаға	2000	2000	0	
<b>Отбасының (күйеуінің) барлық жеке шығындары</b>		<b>25000</b>	<b>28300</b>	<b>+ 2800</b>	
Отбасының (әйелінің) жеке шығыны	СПА және сұлулық салоны	18000	16000	- 2000	
	косметика, парфюм	8000	7000	- 1000	
<b>Отбасының (әйелінің) барлық жеке шығындары</b>		<b>26000</b>	<b>23000</b>	<b>-3000</b>	
<b>Күтпеген көлденең шығындары</b>		<b>15000</b>	<b>13000</b>	<b>-2000</b>	
<b>Отбасының барлық шығындары</b>		<b>259990</b>	<b>259890</b>	<b>-100</b>	
<b>Отбасының барлық үнемделген қаржысы</b>		<b>0</b>	<b>3110</b>	<b>+ 3110</b>	
<i>Ескертпе – автордың есептеулері</i>					

### Дербес (бөлек) отбасылық бюджет кестесін қалай құру қажет?

Дербес (бөлек) отбасылық бюджет кестесін құрарда, ерлі-зайыптылар өз табыстарына байланысты жеке-жеке бюджет кестесін құрады. Ал шығындарға ортақ отбасылық төлемдер, балаларға кететін шығын, жеке шығындары жатады.

Жоғарыда берілген 1-кесте мәліметтеріне қарапайым талдау жасайық. Мысалы, отбасының барлық табысын 259 990 теңге болады деп жоспарлаған едік. Бірақ барлық нақты табыс көлемі 263 000 теңгені құрап, жоспарлы табыстан 3 010 теңгеге артық болды.

Ай соңында есептеу нәтижесі барлық жоспарлы шығынымызды нақты шығын көлемімен салыстырғанда 100 теңге (259 990 - 259 890 = 100 теңге) үнемдегенімізді көрсетті.

Жалпы, байқасаңыздар, біздің мысалымызда 100 теңге үнемделген қаржыдан бөлек, бұл айда жалпы табысымыздың 25 000 теңгесін, яғни 9,5%-ын қауіпсіздік қорына жинаққа салдық. Бұл да жаман емес.

**7. Қауіпсіздік қорын қалыптастыру.** Әр адамның алдына қойған қаржылық мақсаты бар. Біреу көлік алуды, біреу үй салуды, той жасау, тағы басқа нәрселерді жоспарлайды. Сол жоспарлар үшін қаржы жинақтауы керек. Батыста бұл қордың көлемі 3-6 айға дейінгі уақытқа жететін шамада есептеледі. Егер адам ауырып қалса немесе жұмысыз қалса, жарты жылға дейін жететін қаржысы болуы керек. Ал бізде той жасарда «той халықтың қазынасы», «бір мәнісі керек», «бардым-бердім, келер-берер» деген үмітпен көзді жұмып, несие рәсімдейміз. «Ағайын-туған қолдайды» тұрпаттағы психологиядан аулақ болуымыз керек. Қандай жағдайда болмасын, ең алдымен өзіне, өзінің мүмкіндіктеріне сенгеніңіз ләзім.

Заман өзгеріп келеді, біз нарықтық экономикада өмір сүреміз. Сондықтан да еліміздегі Ұлттық Қор секілді әр отбасында «қауіпсіздік қоры» болуы шарт.

Бүгінгі қаржы нарығы түрлі құралдарды, яғни түрлі мүмкіндіктерді ұсынып отыр. Біреу артық қаржысын жер алуға, біреу мал алуға, тағы біреу банктік депозитке салуға, ал тағы біреу акция сатып алу арқылы инвестиция жасайды. Енді бірі өз кәсібін ашуға құлықты.

Бәрін салмақтап барып, шешім қабылданың. Нағыз дағдарыс енді келе жатыр дегенді жиі естиміз. Ендеше, ақшаны барына ақылмен жұмсауды бүгіннен бастау керек.

**8. Нәтижелілік және тиімділікті бағалау.** Әрдайым белгілі бір кезең ішінде отбасылық бюджетті қалыптастыру, бөлу және атқарылуы бойынша экономикалық, әлеуметтік, жалпы отбасылық және жеке тұрғыдағы тиімділігін есептеп, анықтап, бағалап отыру шарт. Ең бастысы, нарықтағы жағдайды дұрыс бағамдау, қаржыны ұтымды басқаруды үйрену, яғни бюджеттік кірістер мен шығыстарды шынайы жоспарлау, қауіпсіздік қорына қаражат жинақтауды дағдыға айналдыру және мүмкіндігінше қарыздарды болдырмауға күш салу керек.

Мамандар жоғарыда өзіміз ұсынып отырғандай кесте жасап, сол кестеге барлық шығыстар мен кірістерді жазып отыруды ұсынады. Сонда бір айда қанша табыс кіріп, қанша шығыс шыққанынан нақты хабарлар болса. Осылай бір айда сіздің отбасыңызға қанша ақша жұмсалатынын білесіз. Егер кірісіңізден шығысыңыз көп болса, не нәрседен бас тартуға, қай нәрсені арзандау алуға болатынын жайлы ойлап, отбасыңыз үшін ұтымды шешім қабылданың. Сонымен қатар нәтижелілік және тиімділікке қол жеткізуге бағытталған төмендегі жайттарды өз тәжірибеңізге енгізгеніңіз абзал.

1. Үш ай бойы өзіңіз бекіткен бюджеттің шегінен шықпауға бел байлаңыз. Сол үш айда жана қаржылық тәртіпке үйреніп, нәтижесін көре бастайсыз.

2. Отбасылық бюджеттеріңізді есептеп, нәтижелік төлемдердің айлық табысыңыздың 30%-ынан аспауына қол жеткізіңіз.

3. Табысыңыздың 10%-ын «қауіпсіздік қорына» жинап отырыңыз. Мамандар көп адамдардың табысының 10%-ының қайда, қай мақсатта жұмсалғанын біле де бермейтінін айтады. Демек бұл сома сіздің бюджетіңізге айтарлықтай әсер етпейді деген сөз.

Қазіргі таңда отбасы бюджетін жоспарлау бойынша ғаламторда, әлеуметтік желілерде де, дәстүрлі және электрондық форматта материалдар өте көп. Олармен танысып, тәжірибелермен бөлісіп, пікір алмасуға кең мүмкіндіктер жасалған, тек орнымен, ретімен пайдалануға жаратқан абзал.





АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?

Атырау облысы қазақтың киелі өңірлерінің біріне жатады. Бұл өлкеде батырлар мен ақын-жыраулар, елге белгілі әулиелер көп шыққан. Топырағы құнарлы, табиғаты көркем өлке. Атырау облысы 1938 жылы құрылып, алғашында Гурьев деп аталады. Ал 1992 жылы қазіргі атауына ие болды. Солтүстігінде Батыс Қазақстан, шығысында Ақтөбе, оңтүстік-шығысында Маңғыстау және батысында Ресейдің Астрахань облысымен шектеседі. Сондай-ақ оңтүстік шекарасы Каспий теңізіне келіп тіреледі. Жері солтүстігінен оңтүстікке қарай Ойыл, Сағыз, Жем өзендерінің салаларымен байланысқан.

Облыстың жер қойнауы қалың шөгінді қабаттармен астақан. Әр түрлі пайдалы қазбаларға бай. Олардың ішінде қоры аса бай әрі негізгі мұнай болып табылады. Мұнай-газдан басқа пайдалы қазбалар ішінен облыс экономикасы үшін маңыздылары ретінде борат және борат тұзды кендерді, ас тұзын, магнийлі жыныстарды атауға болады. Құрылыс индустриясы шикізаттарынан бор, бор-мергельді жыныстар, гипс, ангидрит, сазды, құмды әктастар және минералды су көздері бар. Борат кені дүние жүзі бойынша тек Атырау облысының қойнауынан табылып отыр. Бұл осы жердің қазба байлығының көптігін аңғартады. Жалпы Каспий маңы ойпатының, сондай-ақ Атырау облысының топырақ жамылғысының құрылымы өзін түзілу факторлары мен құрамының сан алуандығына байланысты өте күрделі болып келеді. Облыс халқы облыс орталығында, өндіріс орталығы мен Жайық өзенінің екі жағалауында тығыз орналасқан.

# ҚОЙНАУЫ ҚҰТТЫ МЕКЕН

## «АЛТЫН АДАМ» ТАБЫЛҒАН АЙМАҚ

1999 жылы Атырау облысы, Жылыой ауданы, Аралтөбе қорғанына Әлкей Марғұлан атындағы археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізу мақсатында «Алтын адам» табылды. Ғалымдардың тұжырымдауы бойынша бұл алтын адамның өмір сүру кезіне осыдан 2 мың жыл бұрынғы сарматтар дәуіріне жатады.

## КӨНЕ ДӘУІР КҮМБІРІ

Қазақ даласындағы ең көне тарихи орындардың бірі – Сарайшық қаласы. Ол Атырау облысы, Махамбет ауданының территориясында орналасқан ортағасырлық қала. Орда дәуірінде Сарайшық Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан маңызды діни, саяси-экономикалық орталық. Алтын Орда Қасым хан тұсында қазақ хандығының алғашқы астанасы болды. XV ғасырдан бастап Атырау өңірі Кіші жүздің тарихи орны болып қалыптасты. Қазақ халқы XVIII ғасырдың басында Алтайдан Жайыққа дейінгі ұшан-теңіз даланы қамтыған біртұтас іргелі ел болды. Бөкей хан 1801 жылы Еділ мен Жайық арасындағы отыз жыл бойы иесіз қалған ең даланы мекендеуге елді көшіріп әкеліп қондырды. Сөйтіп бұл өңір Бөкей ордасы деп аталды. Бөкей ордасындағы феодалдық қанау мен Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс 1836-1838 жылдарды қамтиды.

## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Ел экономикасының артуына айтарлықтай үлес қосып келе жатқан мұнай компаниялары екені айқын. Атырау облысы қарқынды дамып келе жатқан аймақтарының бірі және әлемнің 50-ден аса елдерімен тығыз ынтымақтастықта. Мұнда мұнай өңдеу зауыты кәсіпорындары құрылып, сәтті жұмыс істеуде. Олардың қатарында мұнай-газ саласындағы ірі кәсіпорындарды айтуға болады. Өңірге шетел инвестицияларын тартып, инвестициялық ахуалды жақсарту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мұның барлығы сайын келгенде өңірдегі түйткілді мәселелердің түйінін тарқатуға айтарлықтай оң әсерін тигізбек. Екіжақты халықаралық қатынастарды дамыту мақсатында инвестициялық әлеуеті зор аймаққа жыл сайын алыс-жақын шетелдерден делегациялар келіп тұрады. Атырау облысында жыл сайын «Global Oil&Gas Атырау» мұнай-газ көрмесі өткізіліп, көрмеге әлемнің 150-ден астам елі қатысады. Аймақтағы отандық және шетелдік инвесторларға сапалы және жедел көмек, ақпараттық-сараптамалық және сервистік қолдау көрсету мақсатында «Kazakh Invest» ҰҚ, АҚ «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ және «Атырау Innovations» ЖШС секілді мекемелері тиісті қызмет атқарады. Сонымен қатар бүгінде облыста бірқатар шетелдік визалық орталықтар жұмыс істейді.

## ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШТЕР

Атырау аймағында ерекше бағаланатын жәдігерлердің бірі – мәдени мұра ескерткіштері. Соның бірі – Иманқара кешені. Иманқара тауының батыс сілемдерінің етегінде орналасқан дәуірлік үңгір. Археологиялық ескерткіштер қатарына Аралтөбе кешені мен Сарайшық қалашығы кіреді. Сарайшық қалашығы қазақ даласындағы ең көне тарихи орындардың бірі. Діни және ғибадат орындары болып табылатын орын – Ұшқан ата деп аталады. Оған қосымша Ақмешіт қорымдары мен Құлшан ата жерасты мешіті кіреді. Атырау облысының аумағында 313 ескерткіш бар. Оның 4-і республикалық тізімге енген. Олардан бөлек 604 нысан аймақтық тізімге енгізілген. Бүгін солардың бір қатарына тоқталып өтуді жөн көрдік. Индер тұзды көлі Атырау аймағына жақын орналасқан. Оның солтүстік жақ беткейін Индер тауы алып жатыр. Оңтүстік жағалауы жазық болып келеді. Тұзды көлдің кара башығы көне дәуірлерден бастау алады. Ойпаттың геологиялық құрылымы күрделі болып келеді. Бұл мекен талай адамның дертіне шипа болған деген дерек айтылады. Елімізде теңдесі жоқ Мұзқұдық та осы манайда орналасқан.



Байбақты әулие Қармысұлы кесенесі 1824 жылы Жем өзенінің бойында салынған. Байбақты әулие ұстамды жан болған. Оның бойында әділ билік, жүрек жұтқан батырлық, көріпкел әулиелік қасиеттер тоғысқан. Байбақты ата ел арасындағы ұсақ-түйек іске әсте араласпай, ел іргесінің бүтін болуына назар аударған. Ел аузындағы әңгімелерде ол жауға шапқанда дұшпан көзіне мың адам немесе жылан боп көрінді екен. Кесенесі Мақат ауданы, Доссор кентінен солтүстікке қарай орналасқан.

Алтын қорымы Махамбет ауданы, Ортақшыл ауылының шығысқа қарай 4 шақырым жерде төбенің үстінде орналасқан. Құрылысына ағаш бөренелер, жіңішке сырғауылдар, жуан тіреулер қолданылған. Күмбездің төбесі киіз үйдің шаңырағы сияқты ағашпен бекітілген. Қорымдағы құлпытастар жасалуы және көлемі жағынан аймақта өзіндік ершелікке ие. Қорымда тас қашау ескерткіштерінің өте сирек кездесетін түрлері бар.

Аңыз бойынша қорымның Алтын аталуы осында жерленген әйел адамның есімімен байланыстырылады. Аңыз бойынша сол кездегі бір бай адамның тоғыз қызы болыпты. Үлкенінің атын Алтын қойып, ең соңғы тоғызыншысын ұл болады деп күткен әкесі оның атын Қатын деп қойған екен. Алтын осы жерде қарақшылардың қолынан қаза тапқан.

Қорғанша қалашығы Қызылқоға ауданы, Қарақол ауылы маңында орналасқан. Қорғанша қаласы қамалының өзге қамалдардан айырмашылығы ескі түйе қалыппен құйылып, шикі кірпіштен тоғыз метр қалыңдықта қалануы. Қорғанша қаласы жуандан қорғануды мақсат еткен хан ордасы болған. Ортасындағы ашық алаңға мал қамалған. Оның биік қамалы мен сыртындағы су толтырылған оры, жауға алғызбайтын жойқын қамал-бекініске айналған. Қамал үстінде шыққан садақшылар жауды қамалға жеткізбей қырып отырған. Ол ұзақ уақыт қорғанысқа төтеп берген. Академик Әлкей

Марғұлан мұндай қалаларды «жан қорғайтын қамал» деп атаған.

Дүйсеке ата мешіті XIX ғасырдың аяғында салынған. Құрылыс материалы саман тас кірпіш пен күйдірілген кірпіш, сондай-ақ қарағай бөренелерден тұрғызылған. Бұл жерде шәкірттерге дәріс берген.

Бөкен би кесенесі. Бөкен би ақ жолынан таймаған өткір сөзді, шешен адам болыпты. Өзінің ерлігімен, әділдігімен, көрегендігімен көрші елдерге де әйгілі болған. 17 жасынан билікке араласып, ғұмырының 76 жылын төрелікпен өткізген. Бөкен би: «Тау да құлайды, тас та құлайды, мұхит та сарқылды, сарқылмайтын нәрсе – халық қой, менің атым таста қалмай, халықтың қаперінде, елдің есінде қалса жарайды» деп айтқан екен. Ел арасындағы аңыз-әңгімелерде табиғаттың тілін білген әулиелігі де болған деседі.

Алып ана қорымы 18-19 ғасырлар аралығында пайда болған. Аңыз бойынша, қорымның «негіздеушісі» (эпонимі) әйел адам, яғни, алып ана болып табылады, оның моласы қорымның батыс жағында шырақ және қадаммен белгіленген. Өуелден күйдірілген кірпіштен қаланған кесене ізі ғана сақталған. Төбесі күмбезделіп жабылған. Осындағы құлпытастар безендірілуі жағынан әртүрлі болып келеді. Бұлардың көпшілігіне әшекейлер, мәсі, кебіс сияқты әйелдің тұрмыстық заттары бейнеленген.

Алтын қорымы Махамбет ауданынан солтүстік-шығысқа қарай 4 шақырым жерде, кішкене төбенің үстіне орын тепкен. Қорымда белгілі қазақтың атақты билерінің бірі Айтуар би Үсеңлі жерленген. Мұндағы ескерткіштердің өрнектелуі мен эпиграфикасында ерекшелік байқалады.

Тас кешу керуен сарайы Сағыз өзенінің сол жақ жағалауында, «Ноғай жолы» бойында орналасқан. Кезінде Керуен сарай сауда керуендері мен саяхатшыларға қызмет ететін қонақ үй қызметін атқарған. Көлемі 50-55 метр болатын ғимарат түгелімен күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Сарайдың бұрыштары мен сыртқы қабырғаларының орта тұстарында керуенге бағыт беретін мұнаралар салынған.

Қорғанша қалашығы туралы аңыз әңгімелер халық арасында көп айтылады. Қала құрылыстары мен қорғаны кірпіштен қаланған. Қаланың көлемі мен қорған биіктігіне қарап оның қорғаныс қызметін атқарғандығы байқалады. Мұнда 2006-2007 жылдары археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген.

Қарашүңгіл қорымы Атырау облысынан солтүстікке қарай 12 шақырым жердегі Қарашүңгіл сорында орналасқан. Қорым жаңа заман кезеңінен сақталған Батыс Қазақстанның ең ірі ескерткіштерінің біріне жатады. Қорымның жалпы көлемі 20 га, мұнда мыңға жуық әртүрлі ескерткіштер бар.

## ШОҚТЫҒЫ БІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ

Атырау өлкесі талаптарға кенде емес. Жырдың алып өкілдері Қазтуған Сүйіншіұлы, Шалкиіз Тіленішұлы, Махамбет Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Қашқынбай Қожамбетұлы, Мұрат Жөнкеұлы осы атырау ақын-жыраулары. Олардың өміршең шығармалары әлі күнге дейін ұрпақ жалында жанғырып келеді. Бұл ақындардың дәстүрлі жолын Хиса Көбжанұлы, Сәттіғұл Жанғабұлұлы, Сұраубай Үттібайұлы, Құмар Жүсіпов, Әбу Сәрсенбаев, Хамит Ергалиев, Зейнолла Қабдоловтар жалғастырды. Олардың ізін ала халық ілтипатына ие болған Фариза Оңғарсынова, Жүмекен Нәжмеденов, Беркайыр Аманшин, Марғом Сүндетов, Марат Отаралиев, Мендекеш Сатыбалдиевтерді атауға болады.

Махамбет Өтемісов атындағы Атырау облыстық драма театры 1957 жылы республикада тұңғыш рет өткен облыс театрларында жүздеп орынға ие болды. Дина Нұрпейісова атындағы ұлт-аспаптар оркестрі 1958 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігінде өнер көрсетіп, көрермендер жоғары бағалады. Нұрмұхан Жантөрин атындағы филармония 1966 жылы құрылды. Қазіргі таңда филармония құрамында 3 эстрадалық ансамбль, 2 қуыршақ театры жұмыс істейді. Олардың қатарынан «Атырау-Жайық» эстрада ансамблі ерекше атауға болады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

# ЖЕҢІС ЖЕТКІЗБЕУДЕ...

## БОКСТАН НЕ КҮТЕМІЗ?

Расында Олимпиададағы жағдай маз емес. Соңғы күндері көптеген гимнасттар мен боксшылар қарсыласынан оңбай ұтылып, кейбірі БАҚ өкілдеріне сұхбат беруден бас тартты. Сарапшылар да, халық та сенім артқан Абылайхан Жүсіпов (69 келі), Василий Левит (91 келі), Бекзат Нұрдулов (81 келі), Серік Теміржанов (57 келі) жарыс жолынан шықса, кейін бұл қатарға Әбілхан Аманқұл қосылды. Осылайша Олимпиадада небары үш боксшымыз ел намысын қорғауда. Олар Қамшыбек Қоңқабаев, Сәкен Бибосынов, Закир Сафиуллин.



Спортсүйер қауымға қуаныш сыйланған жеңіс Қамшыбек Қоңқабаевтың бәсекесі болды. Ол ширек финал жекпе-жекінде ресейлік боксшы Иван Верясовпен кездесіп, тартысты ойын көрсетті. Жерлесіміз бірінші раундтан бастап айқын басымдыққа ие болып, жойқын соққылары дйтген жеріне жетіп отырды. Ал екінші раундта қарсыласы екеуі тең түссе, үшінші раундта ресейлік боксшы басым болды. Алайда төрешілер жеңісті Қамшыбекке берді. Қорытынды есеп – 4:1.

Осылайша жеңістен соң қазақстандық боксшы жартылай финалға жолдама алды. Қамшыбек Қоңқабаевтың жартылай финалдағы кезекті қарсыласы америкалық боксшы Ричард Торрес болмақ. Айта кетейік, бұған дейін спортшы алғашқы жекпе-жекін мысырлық Ери Мостафа Резкпен өткізіп, 5:0 есебімен жеңген болатын.

Токио Олимпидасындағы байрақты бәсекеден үмітті жастың бірі қазақстандық боксшы Әбілхан Аманқұл (75 келі) еді. Алайда боксшы ширек финалда бразилиялық боксшы Эберт Соусаға есе жіберіп, жарысты тоқтатты. Мойындау керек, алғашқы раундтан бастап жерлесіміз ширақ қимылдағанымен, бірнеше шешуші соққы өткізіп алды. Нәтижесінде бес төрешінің екеуі ғана Әбілхан Аманқұлға жоғары ұпай берді. Екінші раунд қазақстандық боксшының пайдасына шешілді. Алайда үшінші раундта қарсылас басым болды. Қорытынды есеп – 2:3. Бұған дейін Аманқұл өзбек боксшысы Фанат Қахромоновты жеңіп, ел мерейін көтерген еді.

## ЖЕҢІЛ АТЛЕТТЕР ЖЕҢІЛСІ

Токио Олимпидасында қазақстандық құрама бокста ғана емес, үш қарғып секіру спортшынан да есе жіберді. Сайыстың іріктеу сынын қатысқан үш спортшының үшеуі де үміт үдесінен шыға алмай, оң нәтиже көрсетпеді. Аталған спорт түрінің ережесі сәйкес, 34 атлеттің ішінен 14 метр 40 сантиметрден артық секірген немесе үздік көрсеткішке ие болған 12 спортшы ғана финалға өтеді. Әрбір атлетке үш рет секіруге мүмкіндік беріледі.

Соның ішінен үздік көрсеткіш алынады. Іріктеуге қатысқан үш қазақстандық спортшы да бұл жеңіні еңсере алмады. Олардың қатарында Мария Овчинникова, Ирина Эктова және

Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакова да бар. Мария мен Ирина 13,34 метр және 12,90 метрге секірсе, 2012 жылғы Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакованың үздік көрсеткіші – 13 метр 69 сантиметр болды. Осылайша үшеуі де финалға өте алмады.

Жеңіл атлеттердің көңіл көншітер көрсеткішін тек Милад Карими көрсетті. Қазақстандық гимнаст еркін жаттығу бойынша Олимпиадада бесінші сатыға тұрақтады. Милад Карими финалда 14.133 балл жинап, Токиодағы ең мықты бес спортшының қатарына кірді. Айта кетейік, аталған турнир бойынша бірінші орын израильдік Артем Долгопят, екінші орын испаниялық Рейдерлей Запата, үшінші орын қытайлық Сюо Руотенге бұйырды.

Басы 1-бетте

Е.БАЛТАБЕКҮЛЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Апталығы 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4418 Тапсырыс №1113 Нөмірдің кезекші редакторы Ерсін ШАМШАДИН